

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА


Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге 2025 жылдың 24 қаңтар күні аудандық білім бөлімінің базасында аудандық «Заң және тәртіп» айлығы аясында өткізілетін «**Заңға құрмет-тәртіп кепілі**» атты үздік эссе байқауы ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер мен жұмыстарды №1 қосымшаға сәйкес білім бөліміне 2025 жылдың 23 қаңтарына дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 2 парақта.

Т. Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы



М.Сванов

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел.: 2-14-10



**Аудандық «Заң және тәртіп» айлығы аясында өткізілетін «Заңға құрмет-тәртіп кепілі» үздік эссе байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ереже

Аудандық «Заң және тәртіп» айлығының іс-шаралар жоспарының негізінде «Заңға құрмет-тәртіп кепілі» үздік эссе байқауы (бұдан әрі-Байқау) өткізіледі.

Байқаудың мақсаты:

«Заң және тәртіп» құндылықтарын дәріптеу, оқушылардың заң талаптарын түсінуін және құрметтеуін қалыптастыру, құқықтық мәдениетін арттыру, сондай-ақ, құқықбұзушылықтың алдын алу, балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Байқаудың міндеттері:

-Балалардың жеке тұлғалық, шығармашылық әлеуетін дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау.

- Заңды құрметтеу мен сақтау маңыздылығын насихаттау.

-Құндылықтар арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Байқауды ұйымдастырушы:

- Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы;

- Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі;

-Байқау жұмыстарын бағалайтын қазылар алқасының құрамын анықтайды;

- Байқауға қатысушылардың жұмыстарын бағалайды;

- Байқау қорытындысын шығарады.

Байқау шарттары:

Байқауға бастауыш буын бойынша 3-4-сынып, орта буын бойынша 5-7-сынып, жоғары буын бойынша 8-11-сынып оқушылары қатыса алады. Байқауға **қазақ, орыс тілдерінде әр саты бойынша үздік 1 эсседен** қабылданады. Эссе дәптерге көк түсті сиямен оқушының қолымен жазылып, сыртқы мұқабасы үлгі бойынша толтырылуы керек.

Дәптер сыртын (мұқабаның беті) толтыру үлгісі:

Аудандық «Заңға құрмет-тәртіп кепілі»

Үздік эсселер байқауына қатысушы

№ мектебінің/ гимназиясының

« »-сынып оқушысы

Жетекшісі:-----

Эссе көлемі:

3-сыныптар үшін- 60-70;

4-сыныптар үшін-70-90;

5-сыныптар үшін- 90-110;

6-сыныптар үшін- 110-120;

7-сыныптар үшін- 120-140;

8-сыныптар үшін- 140-180;

9-11-сыныптар үшін-180-200 сөзден кем болмауы керек.

Бағалау критерийлері:

- ✓ Байқау жұмысының тақырыпқа сәйкес келуі және мазмұнының толық ашылуы.
- ✓ Лексикалық. Грамматикалық және орфографиялық нормалардың сақталуы.
- ✓ Жалпы эмоциялық қабылдануы.
- ✓ Жұмыстың авторлық құқықтарының сақталуына автордың өзі (жетекшісі) жауапты.
- ✓ Қатысушы байқауға жіберген жұмыстарын автоматты түрде ұйымдастырушыларға қолдануға құқық береді (интернет желісіне, телебағдарламаларға жариялау және т.б.).

Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі:

Аудандық байқау 2025 жылдың 24 қаңтар күні өткізіледі.

Аудандық кезеңінің жеңімпаздарының жұмыстары мен өтінімді 2025 жылдың 23 қаңтар күніне дейін abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

Қорытынды кезеңінде байқаудың қазылар алқасы үздік деп танылған қатысушылар мен жетекшілеріне I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Аудандық «Заңға құрмет-тәртіп кепілі» үздік эсселер байқауына қатысуға өтінім

Аудан	Мектеп атауы	Оқушының толық аты- жөні	сыныбы	Эссе жазылу тілі	Жетекшісінің толық аты- жөні
			3-4	Қазақ тілінде	
			3-4	Орыс тілінде	
			5-7	Қазақ тілінде	
			5-7	Орыс тілінде	
			8-10	Қазақ тілінде	
			8-10	Орыс тілінде	